**Р. Е. ЕЛЕМСОВ,**  
д.э.н., профессор  
кафедры «Международных отношений и мировой экономики»  
факультета Международных отношений,  
декан экономического факультета  
2001-2005гг.

## Экономикалық білімнің қара шаңырағына – 70 жыл

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – қазақтың рухани мәдениетін айрықша сатыға көтерген, білім мен ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған қара шаңырақ. Университет осыдан 85 жыл бұрын қазақ халқының жаппай білім алуға көшкен кезінде, интеллигенциясының қалыптаса бастаған тұсында ашылып, қоғамның рухани мазмұнын дүниетанымын өзгертуге теңдесі жоқ үлес қосып білім мен ғылымды ұштастырудың дәстүрін жалғастыра отырып, заман талабына сай жаңартып келе жатқан оқу ордасы.**



және бизнес факультетінің деканы болып э.ғ.д., профессор Р.Е. Елемесов тағайындалды.

1998-2001 жылдары еліміздегі қаржы-несие жүйесінің заманауи талаптарға сай дамуына байланысты, осы салаға жана үлгідегі мамандар даярлау қажеттілігі туындады. Осы орайда 2001 жылдың сәуір айында Қазақ ұлттық университетінде жанадан «Қаржы және аудит» кафедрасы ашылды. Жана кафедраны басқару маған жүктелді. Қаржы-несие, есеп және аудит мамандықтарына деген сұраныс осы уақытта өте жоғары болды. Бір ғана мысал: егер 2001 жылы «Қаржы және аудит» кафедрасының штаты 11 бірлік болса, үш жылдан соң яғни 2004 жылы 48 бірлікке жетті. Студенттер санының көбейуі, білім беру сапасын әлемдік деңгейге көтеру талаптары, жұмыс берушілердің сұранысын т.б. іске асыру мақсатында аталмыш кафедралар мамандыққа сай - «Қаржы» және «Есеп және аудит» деп екі кафедраға (2004-2005 оқу жылы) бөлінді.

2005-2008 оқу жылында факультетімізді э.ғ.д., профессор Е.Б. Жатқанбаев, 2008 жылдың 12 мамырынан бастап э.ғ.д., профессор Б.М. Мухамедиев, ал 2009 жылдың ақпан айынан 2017 жылдың қыркүйегіне дейін Б.Ж.Ермекбаева басқарды.

Экономика және бизнес факультеті 2010 жылдың шілдесінен бастап Экономика және бизнес жоғары мектебі болып өзгерді. Бұл өзгеріске себеп - осы мезгілге дейінгі біз танысқан шет елдік озық университеттердің экономистерді даярлаудағы озық тәжірибелері. Нәтижесінде оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары мен ғылыми зерттеу жұмыстары жана талаптарға сай өзгертілді, оқу жүйесіне әлемдік стандарттар енгізілді. Экономика және бизнес жоғары мектебінің университет тарихы мен қазіргі дамуында өз орны бар. Олар оқытудың машықтық және модульдік қағидалары, пәнаралық және мәселеге бағытталған оқыту біліктілік күзиреттілік қағидалары.

Экономика және бизнес жоғары мектебі ҚазҰУ-дің ірі құрылымдық бөлімшесі және Қазақстанның экономикалық ғылымының педагогикалық, ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Экономика және бизнес жоғары мектебін бүгінгі таңда іскер ұйымдастырушы, экономика ғылымының докторы, профессор Р.К. Сағиева басқарады.

Толық циклді жоғары дәрежелі бакалавриат, магистратура, PhD докторантура оқу бағдарламалары бойынша мамандар дайындайтын бұл мектепте төрт ірі кафедра қызмет атқарады: «Экономика», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Менеджмент және маркетинг».

Экономиканың түрлі салалары бойынша «Инновациялық кәсіпкерлік», «Есеп, аудит және талдаудағы инновациялық күзиреттілік»,

«Техникалық-экономикалық дәлелдеу және жобаларды басқару», «Ислам қаржысы», «Биржалық трейдинг» тәрізді орталықтар қосымша білім беру мақсатында жемісті қызмет етуде. 2016 оқу жылынан бастап халықаралық МВА білім бағдарламасы енгізілді. Бүгінгі заманауи талаптар ең алдымен білікті маманды көбірек бағалайды. Кәсіби шеберлігі жоғары маман дайындау – біздің басты міндетіміз. Сондықтан болашақта еліміздің іргетасын ұстайтын ұрпақ даярлаудағы жоғары жауапкершілікті жақсы түсінеміз. Университеттің «ұраны» - барлығы жастар үшін, барлығы ел болашағы үшін.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегінде «Елімізде бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егемен елге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да саламатты азаматтар қажет» делінген. Осындай жас толқынды тәрбиелеу мен білім беру ісін толығымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, оның ішінде университеттің ірі құрылымы Экономика және бизнес жоғары мектебінен таба аласыз.

Университетіміздің 85 жылдық, Экономика және бизнес жоғары мектебінің – 70 жылдық мерейтойларымен университет ұжымын, студенттер қауымын, түлектерін құттықтай отырып, игілік, береке, еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында ірі жетістіктерге жетуіне тілектестігімізді білдіргім келеді.

**Б. ЕРМЕКБАЕВА,**  
э.ғ.к., «Қаржы» кафедрасының  
профессор м.а.,  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің  
2009-2017жж деканы

**Директор Международного центра химических и биологических наук университета Карачи (Пакистан), профессор Мухаммад Икбалу Чаудхари получил звание Почетного доктора КазНУ**

## ВЕХИ БОЛЬШОГО ПУТИ

**В 2019 году Казахский национальный университет имени аль-Фараби отмечает 85-летний юбилей. В составе флагамена высшего образования Республики Казахстан к торжественной дате готовится экономический факультет, ныне Высшая школа экономики и бизнеса, крупнейшее подразделение университета.**

Экономический факультет университета прошел славный и сложный путь своего становления и развития. Решение об организации экономического факультета было принято в марте 1949 года. Впервые в истории нашей страны началась подготовка экономистов широкого профиля, а также преподавателей для вузов и средних специальных учебных заведений. В условиях восстановления народного хозяйства после ВОВ открытие новых учебных заведений и факультетов было чрезвычайно важной задачей.

У истоков факультета, а также экономической науки и образования Казахстана стояли большие ученые, профессора политической экономии, прекрасные педагоги – С. Баишев, Г. Чуланов, Д. Кузнецов, С. Нейштадт, Ф. Жеребятъев.

В 50-60-е, первой половине 70-х годов в стране ощущался дефицит национальных экономических кадров как по многим отраслевым направлениям, так и по ведущей экономической специальности – политической экономии. Республика нуждалась в квалифицированных экономистах, способных работать на производстве, в системе государственного управления, преподавать в учреждениях высшего образования. Заметно расширилась подготовка кадров в ведущих экономических вузах для растущей экономики страны. В их ряду имена известных всей стране ученых и педагогов – Я.Аубакирова, Д.Кабдиева, Ц.Фридмана, В.Пурица, В.Мордовина, С.Никитинского, Е.Канатбаева, А.Яковицкого, Н.Мамырова, К.Сагадиева, К.Окаева, К.Бердалиева и многих других.

Вспоминая общение с учителями, поражаешься той энергетике, энтузиазму и оптимизму, стремлению к лидерству и самовыражению. Естественно, не все события, встречи, «уроки жизни» были доступны для нашего молодого, незрелого восприятия и понимания, вместе с тем, в памяти они запечатлелись, прежде всего, как яркие и знаковые фигуры того времени. Это было характерно для всего поколения «шестидесятников», исторический контекст которого пришелся на голод и репрессии 30-х, участие в Великой Отечественной войне, трудные послевоенные годы, сталинский террор, развенчание культа личности, «оттепель» начала 60-х... Многие из них прошли к этому времени непростую «школу жизни» и вместе с тем не потеряли веры в идеалы строящегося «нового общества».

Начало и вторая половина 80-х пройдет в общественных науках и сфере образования под знаком продолжающейся борьбы между

сторонниками реформирования социализма и его «ортодоксальными адептами». Конец 80-х – большая и всесторонняя критика теории социализма, системы хозяйствования, ее основополагающих принципов. В обществе будет стремительно нарастать градус дискуссии по ключевым проблемам экономики, социальной жизни, политического строя... Среди краеугольных вопросов, адресованных экономической элите страны – вопросы реформирования политической и хозяйственной системы, смена форм собственности, разгосударствление.

Жизненно важные, мировоззренческие вопросы будут задаваться и интеллигенции – «совести нации», соотносимые с ее голосом, нравственным выбором, честностью и объективностью занимаемой позиции.

Свои вопросы выбора будут у казахстанского общества в 90-2000-е годы. Контекст нового времени будет таков, что эти вопросы не всегда будут простыми и однозначными к вызовам времени, тенденциям в экономике, политике, социальной жизни. Профессора и преподаватели факультета своими исследованиями пытались осмыслить новые явления и тенденции, участвуя в решении важных задач экономического развития страны.

За последнее десятилетие на факультете произошли большие изменения: расширился спектр преподавания экономических дисциплин, растут связи с зарубежными вузами, действуют научно-исследовательские центры и лаборатории. Профессорско-преподавательский состав факультета активно участвует в международных научных проектах, грантах, казахстанские студенты стажироваются за рубежом, увеличивается контингент иностранных студентов из стран ближнего и дальнего зарубежья.

Сегодня, вспоминая пройденный путь, важнейшие вехи истории факультета, его достижения, хотим поздравить коллектив Высшей школы экономики и бизнеса со знаменательной датой, 70-летним юбилеем, а также почтить светлую память и выразить безмерную благодарность его основателям, заложившим прочный фундамент экономической науки и образования Казахстана, нашим дорогим Учителям, Педагогам и Наставникам.

**Ж. АУБАКИРОВА,**  
д.э.н., профессор;  
**А. АЙТБЕМБЕТОВА,**  
д.э.н., доцент  
кафедры Экономика

**В этом году мы отмечаем два юбилея: 85-летие КазНУ имени аль-Фараби и 70-летие Высшей школы экономики и бизнеса.**

**КазНУ – одно из лучших высших учебных заведений Казахстана, за десятилетия своего существования подготовивший тысячи квалифицированных специалистов, которые с успехом применяют на деле фундаментальные знания и практические навыки, полученные в годы учебы. В истории становления вуза прослеживается весь путь зарождения и развития системы высшего экономического образования в Казахстане. Университет стал альма-матер для нескольких поколений экономистов, финансистов, управленцев и предпринимателей.**

## О ТВОРЦАХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКИ



Как когда-то сказала Маргарет Тэтчер, очень важно понять, чего ты хочешь добиться в жизни. Университет дает не только ключ к бесценным знаниям, жизненный опыт, но и открывает двери в самую интересную и незабываемую – студенческую – жизнь. Так началась и моя студенческая жизнь – в стенах КазГУ им. С.М.Кирова. Обучение в университете стало для меня очень важным и нужным отрезком жизни. Здесь я получил немало полезных знаний, которые пригодились в жизни, встретил своих учителей, сокурсников, соратников. Как золотые самородки не совпадают по конфигурации, у каждого из них были свои параметры, неповторимые характеристики, но суть оставалась единой: они были уникальны, бесценны, каждый из них прочертил свой самобытный след, обновив наше мироощущение и заставив по-новому увидеть мир. Вклад в мое становление внесли такие педагога как, Ф.А.Жеребятъев, С.А.Нейштадт, В.Н.Пуриц и многие другие, ставшие для меня путеводителями.

Одним из организаторов экономического образования в Казахстане стал Ф.А.Жеребятъев, известный в республике как заслуженный экономист, кандидат экономических наук, доцент кафедры политической экономии. Он является первым деканом экономического факультета КазГУ им. С.М.Кирова. Огромный опыт и большое мастерство педагога высшей школы, высокий интеллект позволили ему успешно выполнить интернациональный долг. По поручению союзного правительства он находился в длительной командировке в Венгерской Народной Республике, работал профессором-консультантом кафедры политэкономии в Будапештском институте имени В.И.Ленина. Кумир всех студентов, преподавателей и аспирантов почет и уважение он снискал, прежде всего, благодаря своим личным качествам, порядочности и доброте.

С КазНУ имени аль-Фараби также связана научная и педагогическая деятельность академика Я.А. Аубакирова, внесшего свой достойный вклад в развитие экономической теории, авторитетного ученого-экономиста, известного не только в нашей стране, но и за рубежом. С 1972 по 1985 годы Я.А.Аубакиров работал проректором, с 1985 по 2002 годы заведовал кафедрой политической экономии для гуманитарных факультетов, а с 2002 года стал почетным заведующим этой кафедры. С его именем связано не только дальнейшее развитие преподавания и научных исследований в родном университете, но и весомый вклад в становление, и развитие такого важнейшего подразделения КазГУ им. С.М.Кирова как философско-экономический факультет, ставшего за очень короткое время мощным центром социогуманитаристики в Казахстане. В 1970 году ему, одному из первых среди работников вузов Казахстана, было присвоено Почетное звание «Заслуженный работник Высшей школы Казахской ССР». Также на

его счету медали Союза ССР, знак «Отличник Высшей школы СССР», орден «Күрмет», почетные грамоты Верховного Совета ССР, Министерства высшего образования СССР.

С.А. Нейштадт, заслуженный деятель науки Казахской ССР, вложил много труда в дело развития экономической науки в нашей стране. За годы работы в КазГУ им. С.М.Кирова им опубликованы около 50 научных работ, в том числе 6 крупных и две монографии по экономике Казахстана. На протяжении ряда лет он был членом Ученого Совета университета. Много внимания уделял подготовке кадров преподавателей и научных работников по политэкономии. Своей плодотворной педагогической и научной деятельностью снискал глубокое уважение к себе сотрудников и студентов университета.

В.Н. Пуриц – не только уважаемый педагог, профессор, но и участник Великой Отечественной войны, награжден пятью боевыми медалями, медалью «За доблестный труд», орденом Великой Отечественной войны II степени. Развитие экономической науки и подготовка научно-педагогических кадров в республике неразрывно связаны с его именем. Он подготовил 35 кандидатов наук. Его научными интересами являлись проблемы развития легкой промышленности Казахстана, производительность труда.

С.Б. Баишев – известный ученый в области политической экономии, истории Казахстана, один из ведущих обществоведов Советского Казахстана. В течение девяти лет возглавлял Казахский филиал Института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. Им впервые были переведены на казахский язык «Капитал» Маркса, избранные произведения Маркса и Энгельса в двух томах, работы Ленина. Благодаря его упорной работе, казахская молодежь смогла на родном языке изучать указанные произведения. В 1956 году он был избран академиком и вице-президентом АН Казахской ССР.

Т.Ш. Шаукенбаев считается одним из активных участников становления высшей школы, в частности, высшего экономического образования в республике. С 1959 по 1962 годы являлся деканом экономического факультета КазГУ им. С.М.Кирова. Долгие годы был редактором ежегодника «Экономика и финансы» МВ и ССО КазССР, членом редколлегии ежегодника «Экономика и право». Он вел большую общественную работу. Под его научным руководством защищено 25 кандидатских диссертаций.

Ш.Г. Надиров – очень эрудированный, скромный и обаятельный в то время молодой человек, с большим уважением относился к старшему поколению и к учащейся молодежи. Молодежь видела в нем пример того, как отличная учеба и труд помогают занять в обществе достойное место. Он исполнял обязанности декана факультета с 1955 по 1956 годы, а с 1956 года – заместителя декана.

М.Е. Бутин с 1957 по 1967 годы работал в КазГУ им. С.М.Кирова и впервые в республике организовал кафедру бухгалтерского учета и аудита. Он является автором свыше 50 научных трудов. Кроме того, с течением девяти лет он являлся министром пищевой промышленности.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби все еще остается одним из ведущих вузов в Казахстане, а все это благодаря тому крепкому фундаменту, заложенному при его основании великими экономистами, профессорами и выдающимися педагогами того времени.

В юбилей университета и Высшей школы Экономики желаю больше интересных студентов, не стоять на месте – развиваться, расширяться и главное – всегда быть впереди!

**В.Д. ЛИ,**  
д.э.н., профессор,  
КазНУ им аль-Фараби



**В ряду первых стратегически значимых структур нашего университета была кафедра политической экономии философско-экономического факультета знаменитого ФЭФ. За 75 лет истории факультет и кафедру несколько раз реорганизовывали, изменяли название, но статус, академический дух, лучшие традиции сохраняются благодаря основателям, ректорам, деканам, заведующим кафедр и профессорско-преподавательскому персоналу университета.**



Арысланова Хасана Юнусовна, Царева Надежда Андреевна, посвятившие профессиональную жизнь родному университету.

Кафедра выпустила более 30 студенческих групп, в целом более 1500 тысяч дипломированных экономистов, исследователей, преподавателей политической экономии. Выпускники кафедры политической экономии/экономической теории на всех этапах развития Казахстана успешно работали и работают в госаппарате управления, вузах, предприятиях. Политэкономы в 1980-1990-е годы стояли у истоков национальной банковской системы и других коммерческих структур, быстро адаптировались в новой для страны системе рыночных отношений и были востребованы в стратегически важных экономических и политических структурах. Очевидно, знания экономической логики позволяли им принимать грамотные решения, ведь политическая экономия – это «анатомия гражданского общества» (К.Маркс).

К сожалению, коммерциализация системы высшего образования сузила содержание

экономического образования к бизнес-образованию. По рекомендации зарубежных консультантов из классификатора МОН РК были изъяты специальности «Политическая экономия», впоследствии – и экономическая теория. Из учебных планов вузов исчезла дисциплина политическая экономия, из методики преподавания – требование конспектирования первоисточников как основы самостоятельной работы студентов. Несколько поколений экономистов выросло без понимания экономической логики и причинно-следственных связей в общественном развитии. Как результат – они лишены возможности научиться предвидеть социально-политические последствия экономических мер, не учитывающих т.н. «провалы рынка». Возможно, это стало одной из причин дефицита компетентных управленческих кадров.

Напрасно чиновники ассоциируют политическую экономия с коммунистической идеологией, а экономическую сущность сводят лишь к товарно-денежным отношениям.

Между тем, методологической основой в принятии решений по политическому и экономическому обустройству государства могли бы стать знания классической политической экономии. Например, согласно теории органического строения капитала, капитализация предполагает превращение части прибыли как в физический, так и в человеческий капитал. Золотое правило капитала игнорируется казахстанскими отделениями транснациональных компаний (и не только ими), поскольку соответствующие требования не были утверждены в контрактах. Это обстоятельство позволяло им осуществлять капитализацию за счет приобретения собственных акций. Поэтому до сих пор в стране нет новых нефтеперерабатывающих предприятий, а инновационное развитие материальной базы и персонала компаний

является предметом споров. Другой пример: классический метод расчета заработной платы как цены рабочей силы, мог бы определить базовый уровень заработной платы, позволяющей работнику воспроизводить свою рабочую силу и трудовые ресурсы (семья, дети наемных работников) в соответствии с технологическими требованиями. Таких примеров утраты рациональных зерен знаний множество, что обуславливает упущенные возможности страны.

Яхия Аубакирович требовал от преподавателей кафедры следовать ценностям классической политической экономии, проводить спецсеминары по первоисточникам, не увлекаясь идеологической критикой, а студентов – учиться конспектировать и лаконично излагать свои мысли. К сожалению, эти рациональные зерна знаний и умений стали теряться. Во всей своей деятельности Яхия Аубакирович Аубакиров, соблюдая законы преемственности, традиции научной среды, стремился учить и воспитывать молодых в духе профессионального мастерства, академичности и интеллигентности.

Мы, его ученики, восхищались проявлениями фундаментальности методологических подходов шефа в решении научных и организационных вопросов, а также примерами разумной и сдержанной реакции на все всплески настроения многих наших преподавателей. Интеллигентность академика создавала благоприятный психологический климат на кафедре и на факультете. В назидание молодым можно сказать, что академик НАН РК Яхия Аубакирович Аубакиров придерживался прекрасных принципов жизни, главные из которых можно сформулировать: Учись и учи. Веди простую жизнь и цени то, что имеешь. Помни о своих истоках.

М.С. ТУЛЕГЕНОВА,

д.э.н., профессор кафедры Экономика

**Еліміздегі жоғары оқу орындарының бірі емес бірегейі, білім ордаларының ішіндегі қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің құзырлы еңбек етіп, нәтижелі жұмыс істеп келе жатқанына биыл 85 жыл. «Өнер-білім бар жұрттар, Тастан сарай салғызған», - деп айтқан Ыбырай атамның өлең жолдары қазіргі, білім мен инновацияның дамыған заманында таңырқайтын жайт емес. Ақыл – теңіз, ал сол теңізде қайық боп бізді таситын ол, әрине білім. Білім бар жерде үздіксіз қозғалыс пен таңданарлық нәтиже болады. Сондай нәтижелердің бірі - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында 1949 жылы құрылған Экономика факультеті.**

Бүгінгі таңда экономикалық ғылымның дамуында, экономикалық саясат пен стратегияны жүзеге асырудың басымдылықтарын және құралдарын әзірлеуде фундаментальді және өзекті қолданбалы экономикалық әдіс-тәсілдердің жүзеге асырылуының маңызы зор болып табылады. Өзекті болып келетін осындай қолданбалы әдістерді экономикада пайдалану арқылы экономикалық дисциплиналарды оқыту, сонымен қатар фундаментальді және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, фундаментальді білімді қолданбалы зерттеулермен (экономикалық-математикалық модельдеу) синтездеу тәжірибесі әл-Фараби

## ҰСТАЗ ҰПАҒАТЫНА ТАҒЫМ

атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнестің жоғары мектебінің Экономика кафедрасында кеңінен тараған. Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету факторы ретінде инновациялық белсенділікті арттыру механизмдерін жасақтау, жаһандану жағдайында Қазақстан экономикасының өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған.

Жоғарыда аталған қолданбалы әдістерді жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісіне кірістіру және оны тиімді пайдалану тәжірибесін жүзеге асырып жүрген ғалымдардың бірі – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Серік Сарсенғалиұлы Оспанов.

Оспанов Серік Сарсенғалиұлы Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Есенсай ауылында 1939 жылы сәуірдің 26-шы жұлдызында дүниеге келген. 1956 жылы Талап орта мектебін медальмен бітіргеннен кейін сол уақыттағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне түседі. Осы кезден бастап жарты ғасырдан артық уақыт бойы Серік Сарсенғалиұлы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында қажымай еңбек етуде. Өзінің көп жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін С.Оспанов 1972 жылы қорғаған кандидаттық және 1996 жылы докторлық диссертацияларында келтірген болатын. Докторлық диссертациясында экономикалық жүйелердегі дискреттік



оптимизациялау есептерін шығарудың жаңа әдісі құрастырылған.

С.Оспановтың ғылыми-зерттеу және оқыту-ағартушылық еңбегінің жоғары бағалануының дәлелдері болып «Қазақ ССР халық ағартушының озаты» белгісімен және «Экономикадағы математикалық модельдеу» саласындағы жетістіктері үшін Кэмбридж өмірбаян орталығының күміс медалімен марапатталғандығы табылады.

1996 жылдан бастап Серік Сарсенғалиұлы Экономика және бизнес жоғары мектебінің Экономика кафедрасында бакалавр, магистранттарға және докторанттарға «Экономикадағы математикалық модельдер», «Микроэкономика», «Экономикадағы желілік модельдер» курстарынан дәрістер оқып келеді.

С.Оспанов экология-экономика үрдістерін модельдеу мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Серік Сарсенғалиұлы 70 жуық ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектердің, соның ішінде монография мен бірнеше ғылыми-әдістемелік құралдарды жазып жариялады. Оның жетекшілігімен бірнеше кандидаттық диссертация және PhD докторлық диссертациялар қорғалды.

Жоғары білімділік және біліктілік, аса зор парасаттылықпен үлесіп отырған кішіпейілділік және қарапайымдылық, адалдылық және даналық - осының барлығы Серік Сарсенғалиұлының бойындағы қасиеттер.

Биылғы жылы Серік Сарсенғалиұлы өмірдің тағы бір асқаралы белесіне шығып, 80 жылдық мерейтойын атағалы отыр. Осы атаулы оқиғаға байланысты Экономика және бизнес жоғары мектебінің ұжымы және шәкірттерінің атынан Серік Сарсенғалиұлына мерейтойы мерекелі, өмірі берекелі, денсаулығы зор, отбасы бақытты болсын деп тілейміз. Сіздің жаңа жас ұрпақ тәрбиесіндегі, еліміздің гүлденуі мен заманауи дамудың қалыптасуына қосқан өлшеусіз үлесіңіз бен ерен еңбегіңіздің алдында Бас иеміз.

Ә. ҚАЛИЕВА,

Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының доценті

**VI Фараби оқулары аясында ҚазҰУ-да «Клиникалық медицинадағы зертханалық диагностика: дәстүрлер және жаңалықтар» атты I Халықаралық Конгресс өтті**

**Жапон тарапының шақыруы бойынша ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев бастаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ делегациясы Цукуба (Жапония) Университетінде болды. Делегация «The 1st SDGs Research Workshop on Nippon-Foundation Central Asia-Japan Human Resources Development Project (NPCA Project)» семинарының жұмысына қатысты.**

## ЖАПОНИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ САПАР



ҚазҰУ делегациясының университет аумағында болуына байланысты қазақстандық ту көтерілді. Кездесу барысында бірінші проректор М. Бүркітбаев семинарға қатысушыларды тұрақты даму саласындағы ҚазҰУ-дың негізгі жетістіктерімен таныстырды. ҚазҰУ делегациясының мүшелері тақырып бойынша презентациялар ұсынып, Campus-in-Campus (CiC) бағдарламасы аясында шолу жасады. Сондай-ақ, делегация параллельді сессияларға қатысып, ҚазҰУ-да жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсынды.

Цукуба университеті Жапонияның ең жоғары рейтингті және ең ірі университеттерінің бірі болып табылатыны айта кеткен жөн. Цукуба университетінің «Campus-in-Campus» (CiC) басты жаһандық жобасы Трансшекаралық Университеттік Бастамалар арқылы болашақ үшін жоғары білімді трансформациялауға бағытталған. CiC шеңберінде әлемнің жетекші университеттерімен жақын жемісті серіктестік қарым-қатынастар құрылуда. Ынтымақтастық шеңберінде серіктестік мекемелерде кампустарды бірлесіп пайдалану көзделген, бұл тараптарға тиісті зерттеу және білім беру ресурстарын қандай да бір ұлттық немесе институционалдық кедергілерсіз пайдалануға мүмкіндік береді. Серіктес-университеттер

(CiC) тиісті жетістіктерді ескере отырып және талдай отырып, конкурстық негізде іріктеледі CiC схемасы бойынша серіктес университеттер алмасу студенттерінің, оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлердің ұтқырлығын арттырады деп күтілуде. 2023 жылға қарай Цукуба университеті 13 шетелдік серіктестен, оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды қоса, CiC құруды жоспарлап отыр.

Campus-in-Campus өзара байланыс бағдарламасын талқылау аясында Цукуба университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры проф. Satoshi Shimizu қатысуымен семинар өткізілді.

Келіссөздер барысында тараптар университеттер арасындағы коллаборация жоспарын талқылап, бірқатар табиғи және гуманитарлық бағыттарын анықтады.

Сондай-ақ, тараптар «Campus-in-Campus» келісім-шарты негізінде әл-Фараби Орталығына кеңсе ашу мәселесін талқылады. Тиісті шартқа Цукуба университеті делегациясының қыркүйек айында ҚазҰУ-ға сапары кезінде қол қою жоспарланып отыр.

Цукуба университетінде жапондық «Ниппон» қоры қаржыландыратын Sustainable Development Goals in Central Asia зерттеу бойынша жаңа магистрлік бағдарлама іске қосылды. Бағдарлама Орталық Азия мен Әзірбайжан елдеріне арналған және оны қаржыландыру мерзімі бір жарым жылға есептелген. Бағдарлама Орталық Азия мемлекеттерінде тұрақты дамумен, сондай-ақ олардың Жапониямен қарым-қатынасымен байланысты түрлі мәселелерді шешуде адами ресурстарды дамытуға жәрдемдесуге

бағытталған. ҚазҰУ оқытушылары мен магистранттары аталмыш бағдарламаны жүзеге асыруға қатыса алады. Бағдарлама түлектері академиялық және зерттеу мекемелерінде, БҰҰ, үкіметтік мекемелер мен корпоративтік секторда жұмыс таба алады. Ең үздік студенттер конкурстық негізде стипендиямен (жылына 5 стипендия) марапатталады. Әрбір шәкіртақының ай сайынғы сомасы – 117 000 йен (сома өзгеруі мүмкін). Сонымен қатар, стипендия студенттердің оқуын ақтайды. Шәкіртақылар Жапон және басқа да шетелде де конференциялар мен іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді.

**Перизат ҮРКІМБАЕВА,**  
химия және химиялық технология  
факультеті

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінде Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы аясында жатқан VI Халықаралық Фараби оқуларының «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі заманғы Шығыс» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.**

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ



Инан (Швейцария), оқытушы доктор Сабри Муаз Сулейман (Иордания), әл-Фараби мұрасын зерттеуші ғалым, атақты аудармашы Клара Таджикова сонымен қатар басқа да университет пен институттардың оқытушы-профессорлық құрамы мен осы ғылыми бағыттағы ізденуші ғалымдар қатысты.

Аталған конференцияның мақсаты - ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің бай рухани мұрасын насихаттау мен бүгінгі

тәуелсіз еліміздің халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын белгілеу бағытындағы жұмыстарды үйлестіруге үлес қосу, әл-Фараби мұрасының әлемде зерттелуіне серпін беру, әл-Фараби мұраларын түпнұсқадан қазақ тіліне тікелей аударудың мәселесін күн тәртібіне қою болып табылады.

Конференция бірнеше секцияда жұмыс істеді. Бұл секцияларда Шығыстың дәстүрлі және заманауи мәдениетін, әл-

Фараби мұрасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудағы рөлін қарастырылды.

Конференцияда әл-Фараби еңбектерінде көрініс берген және қазіргі кезеңде жүзеге асырылып жатқан дін мен әлеуметтік құрылымды модернизациялауға қатысты және Шығыс елдерінің мәдениеті мен экономикасына ықпал етуші идеялары ұсынылды.

Конференция барысында «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры Мухаммад аш-Шахат Абдулхамид Мухаммад аль-Жинди мырза «Әл-Фараби өткеннің ғалымы ғана емес, бүгіннің де, болашақтың да ғалымы болып табылады. Оның көтерген тақырыптары бүгінгі қоғам үшін де, келер қоғам үшін де өзекті болып қала бермек», - деген тезистік ой айта отырып, өте жоғары бағалайтындығын жеткізді. Сөз соңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінің жақсы бастамалары жалғаса беретіндігіне сенім білдірді.

Аталмыш шара сәуірдің 12-не дейін жалғасады.

**Салтанат ДЖАКУБАЕВА,**  
PhD докторы

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**  
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

**Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №599**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.